

БЕКІТЕМІН : Түгшд
«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК –ның директоры Тулешова Г.Д.
«02» сәуір 2025 жыл

**«Қарлығаш» кіші жас тобының 2025-2026 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдас- тырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі		Дене тәрбиесі	Дене тәрбиесі	Музыка

р/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Өткізілетін апта күндері
1	Дене тәрбиесі **	Күн сайын
2	Тіл дамыту	Күн сайын
3	Көркем әдебиет	Күн сайын
4	Сенсорика	Күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын
7	Мүсіндеу	
8	Жапсыру	
9	Құрастыру	
10	Музыка***	Күн сайын

БЕКІТЕМІН : Туш
«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның директоры Тулешова Г.Д.
«29» мамыз 2025 жыл

«Қарлығаш» кіші жас тобының күн тәртібі

Күн тәртібінің кезеңдері	Уақыты
Таңертеңгілік қабылдау. Тексеру.Таңғы жаттығу. Ойындар .	8.00-9.00
Таңғы ас.	9.00 -9.30
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық .	9.30-9.50
Ұйымдастырылған іс-әрекет.	9.50-10.05
Серуенге дайындық.	10.05-10.20
Серуен.	10.20 - 11.10
Серуеннен оралу. Гигиеналық шаралар.	11.10-11.40
Түскі ас.	11.40-12.30
Ұйқы.	12.30-15.00
Біртіндеп ояту , сауықтыру шаралары.	15.00-15.30
Бесін ас.	15.30-16.00
Ойындар, дербес әрекет;балалармен жеке жұмыс	16.00-16.30
Серуенге дайындық .	16.30-16.40
Серуен	16.40-17.30
Серуеннен оралу.	17.30-17.45
Балалармен, ата- аналармен қарым- қатынас. Балалардың үйге қайтуы.	17.45-18.30

2025-2026 оқу жылы

КЕЛІСІЛДІ: Күсі
«29» «тамыз» 2025 жыл
«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы
МКҚК әдіскері м.а Кусмагамбетова У.Р.

БЕКІТІЛДІ: Түлешова
педагогикалық кеңестің отырысында
«29» «тамыз» 2025 жыл
«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы директоры
МКҚК директоры Тулешова Г.Д.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің «Қарлығаш» кіші тобының перспективалық жоспары

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:қыркүйек айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»айы	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20–25 сантиметр, ұзындығы 2– 2,5 метр) жіптің бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазық бойынша төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтере білуді үйрету. Оңға – солға бұрылу. Орнында жүру. Қимылды ойындар. Балаларды мұғаліммен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыруға үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушы

		-лығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
	Мүсіндеу	Балалардың ермексиз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:қазан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру

		Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын білдіретін зат есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды жетілдіру.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі.«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фото суреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША «Әділдік және жауапкершілік» айы	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақт ау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру: Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-

		шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру жетілдіру.
	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден) үйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша ойнауға мүмкіндік беру.
	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:желтоқсан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН «Бірлік және ынтымақ» айы	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.. Жалпы дамытушы жаттығулар. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру: Балалардың сөздік қорын: заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз

		тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
	Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша іріктеуді жетілдіру.
	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу.
	Жапсыру	Ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты ересектің көмегімен ойнауға мүмкіндік беру.
	Музыка	Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:қаңтар айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР «Заң және тәртіп» айы	Дене тәрбиесі	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру,заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру және т. б.).
	Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат әлемі.Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.) таныстыру.
	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.

	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:ақпан айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
АҚПАН «Жасампаздық пен жаңашылдық»айы	Дене тәрбиесі	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұту. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету;. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.
	Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.

		Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
	Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету; Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алуды) үйрету.
	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.
	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:наурыз айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
НАУРЫЗ «Тәуелсіздік және Отаншылдық»айы	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелеу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
	Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Байланыстырып сөйлеу.«Бұл кім?(не)?», «Не істеді?» қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.
	Сенсорика	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау. Қимылдарды,қолдың ұсақмоторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту. Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту.

		Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қарғалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыру; Құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету.
	Сурет салу	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету. Қағаздың қасиеттерін білуді үйрету. Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру. Түстерді ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету.
	Мүсіндеу	Кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мүсіндеуді үйрету. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру.
	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.
	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу,қолды шапалақтау,қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.
	Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.

	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.
	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Топ: «Қарлығаш»кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі:мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАМЫР Бірлік және ынтымақ айы	Дене тәрбиесі	Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету; Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Өткенді қайталау.
	Тіл дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру. Өткенді қайталау.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Өткенді қайталау.
	Қоршаған әлеммен	Табиғат әлемі.

	таныстыру	«Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Өткенді қайталау.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Өткенді қайталау.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Өткенді қайталау.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Өткенді қайталау.
	Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. Өткенді қайталау.
	Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өткенді қайталау.